

# АЛАТАУ Ардагері



alm\_obl\_ardager@mail.ru Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті №28 (142) 26 маусым 2026 жыл

ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУ

## САХНА ТӨРІНДЕ-АРДАГЕРЛЕР

Жылжыған уақыт иірімінде тоқтау болмайтыны анық. Былтыр ғана Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы елімізде кеңінен насихатталғаны анық. Осы идеологияны қалыптастыруда өзіміздің облыстық «Алатау ардагері» газеті де белсенді түрде өз үлесін қосқанын білеміз. Бұл дәстүр биыл да өз жалғасын тауып, ұлы Жеңістің 81 жылдығына орай Іле ауданының орталығы Өтеген батыр кентіндегі Н.Тлендиев атындағы Мәдениет үйінде ардагерлер мен зейнеткерлер арасында облыс көлемінде «Отты жылдар жырлары», «Песни огненных лет» атты әскери-патриоттық әндер бойынша және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында байқаулар өтті.

былдық Зағиша Абжалелова, қарасайлық Елтай Хасенов, Ұйғыр ауданынан келген Гүлбарқан Жаманкеева ынталандыру дипломдарымен марапатталды.

Кеген ауданының өкілі Роза Шымырбаева үшінші орын дипломын иеленсе, Райымбек ауданынан келген Қайнарбек Әшімбаев екінші орын дипломын алды. Ал бас жүлде Іле ауданының өкілі Сапар Хасенов лайық деп танылып, арнайы дипломмен марапатталды.

Топтық орындау номинациясы бойынша Жамбыл ауданынан келген «Бөпежан» әжелер ансамблі, қарасайлық «Дархан дария» ансамблі, Алатау қаласының «Ару ана» ансамблі, ілелік «Ұлағат» ардагерлер ансамблі, Қонаев қаласының «Қазына» тобы, Талғар ауданынан келген «Әжелер шуағы» ансамблі, Еңбекшіқазақ ауданының «Асыл әже» ансамблі, кегендік «Шауақ» әжелер ансамблі, Ұйғыр ауданының «Береке» тобы және Балқаш ауданының «Асыл әжелер» ансамблі бар он ұжым бақ сынасты. Бұл номинацияға белгісіз себептермен Райымбек ауданынан өнер өкілдері қатыса алмады. Әділ қазылар құрамы осы өнерде де оза шапқандарды саралап, олардың қорытындысын жария етті.

Қонаев қаласының «Қазына» тобы, Ұйғыр ауданының «Береке» ансамблі, Алатау қаласының «Ару ана» ансамблі Алғыс хаттармен марапатталса, жамбылдық «Бөпежан» әжелер ансамблі мен Балқаш ауданының «Асыл әжелер» ансамблі ынталандыру дипломдарына ие болды.

Үшінші орын дипломымен Қарасай ауданының «Дархан дария» ансамблі марапатталды. Талғар ауданынан келген «Әжелер шуағы» ансамблі екінші орын дипломын қанағат тұтты. Іле ауданының «Ұлағат» ардагерлер ансамблі бірінші орынға көтерілді. Осы номинация бой-



Ынша бас жүлде Кеген ауданынан келген «Шауақ» әжелер ансамблінің қанжығасына байланды.

Жеке орындаушылар болсын, топтық өнер көрсетушілер болсын үздік атанғандар арнайы марапаттармен бірге түрлі көлемдегі ақшалай сыйлықтарға да ие болды.

Аталған байқау шарасының соңында сөз кезегін алған Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы саяси қатысқандарға алғыс сезімін білдіріп, жеңіске жеткендерді алған марапаттарымен құттықтады. Бұл өнер байқауы дәстүрге айналатынын, келесі жылы да өз жалғасын таба беретінін тілге тиек етті.

Өнер байқауынан кейін оған қатысушылар аудан орталығының біріндегі мейрамханадағы жайылған дастархан үстінде тағы да бастарын қосты.

Расында осындай өнерге арналған шаралар облыс ардагерлерінің басын қосуда игілікті бастама екенін өмір көрсетіп отыр. Олай болса келесі жылы да сахна төрінде өнер саңлақтарының басы қосылады деген үміт санамызда орын алғаны рас. Сахна төрінде болған өнер сайысынан оған қатысушылар осындай ойлардың құшағында қайтқаны анық.

Осы шарамен қоса облыс ардагерлерінің арасында шахмат додасы да осы жерде өткенін айтып кеткеніміз жөн. Ол енді басқа әңгіменің өзегіне, тақырыбына айналары анық. Ол туралы материалды осы номерге орыс тілінде дайындаған әріптесіміздің мақаласынан оқи аласыздар.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы. Іле ауданы.



Бұдан басқа, шараның алдына қойған негізгі мақсаты кешегі қанды қырғында ел болашағы үшін қасық қанын аямаған соғыс батырларына тағзым жасау еді. Аудандық ардагерлер ұйымдарының басшылары бастап, ат терлетіп келген әр аудандың ардагер көркемөнерпаздары мәжіліс залынан өз орындарын ала бастады.

Шараның ресми бөлігі Алматы облыстық Ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетовке құттықтау сөз берумен басталды. Төраға осы шараға келгендерге өткізілгені отырған жұмыстың алға қойған мақсатын айқындап беріп, өнер байқауына келгендерге рухани жеңіс тіледі.

Өнер байқауына келгендердің мүмкіндіктерін айқындау мақсатында құрамында осы Мәдениет үйінің директоры Қарлығаш Ахметбаева, әнші, актер, режиссер Жасұлан Түсіпбеков, әнші, актер Диас Төлепберген бар әділқазылар алқасы шараға қатысқандардың өнерлерін таразы басына салып отырды.

Өнер байқауы жеке орындау мен топтық орындау, хор жанры бойынша екі номинациямен өтті. Он бір

адам жеке орындау номинациясында бақтарын сынады. Олар Жамбыл, Қарасай, Еңбекшіқазақ, Талғар, Іле, Балқаш, Райымбек, Ұйғыр, Кеген аудандары мен Қонаев және Алатау қаласынан келген әншілер болды.

Байқаудың екінші номинациясы топтық орындауға, хорға арналды. Байқаудың осы түріне облысымыздың аудандарының бәрінен дерлік арнайы ұжымдар атсалысқаны белгілі. Бұл байқаулардан байқағанымыз ардагерлердің арасында да сахна өнерінен құралақан емес өнер саңлақтары бар екені.

Алматы облыстық Ардагерлер ұйымы ұйымдастырған осы байқауда қатарларынан оза шауып, сахна өнерін өрнектеген жеке орындаушылар мен топтық орындаушылардың көптеп болғаны соншалық, нағыз жүйріктерін саралап шығу әділқазылар алқасына оңай тимеді.

Дегенмен де өнер сайысы болған соң оза шапқандар болмай қоймайтыны анық. Жеке орындаушылар арасындағы сайыста Талғар ауданының өкілі Людмила Митрафанова, Қонаев қаласынан келген Толкынай Итемғенова, алатаулық Көкентай Жиенбаев Алғыс хаттармен марапатталса, жам-



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТ

## ҰЛТТЫҚ АҚПАРАТ АЛДЫ

Қонаев қаласында «Ауыл» партиясы мен Республикалық ардагерлер қоғамдық ұйымы арасында жасалған ынтымақтастық туралы меморандум аясында Алматы облыстық филиалының ұйымдастырумен «Жасанды интелект» тақырыбында қалалық ардагерлер ұйымының мүшелеріне семинар-оқыту курсы өткізілді.

Шараның басты мақсаты-аға буын өкілдерінің цифрлық сауаттылығын арттыру, жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін таныстыру және күнделікті өмірде цифрлық қызметтерді тиімді пайдалануға бағыт-бағдар беру болды. Семинардың «Ауыл» партиясы Алматы облыстық филиалының төрағасы Қанат Бекеев ашып, қатысушыларға ізгі тілегін білдірді. Ол өз сөзінде қазіргі қоғамдағы цифрландыру үдерістерінің маңыздылығына тоқталып, ардагерлердің де заман талабына сай жаңа технологияларды игеруі қажет екендігін атап өтті.

«Бүгінде мемлекеттік қызметтерден бастап, қаржылық операцияларға дейінгі көптеген жұмыстар электронды форматқа көшті. Сондықтан ардагерлеріміздің цифрлық ортада еркін әрекет ете алуы-уақыт талабы,-деді Қанат Ботайұлы.

Семинар барысында қалалық «Алатау жастары» жастар ұйымының төрағасы Мұхаммед Дарханұлы ба-

яндама жасап, қатысушылармен жасанды интелектің мүмкіндіктері мен оны қолданудың заманауи бағыттары туралы құнды ақпараттармен бөлісті. Курсқа қатысқан ардагерлер смартфондар мен мобильді қосымшаларды пайдалану, электронды мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу, әлеуметтік желілерді қауіпсіз қолдану және интернеттегі алаяқтықтан сақтану жолдары жөнінде және жасанды интелектің қазіргі қоғамдағы рөлі, білім беру, денсаулық сақтау, кәсіпкерлік және ақпараттық технологиялар салаларындағы қолданылу ерекшеліктері туралы жан-жақты ақпарат алды.

Семинарда сонымен қатар, ChatGPT және басқа да заманауи цифрлық құралдарды пайдалану бойынша тәжірибелік сабақтар ұйымдастырылды. Іс-шараға қатысушылар жасанды интелект технологияларының артықшылықтарын жоғары бағалап, цифрлық дағдыларды жетілдіруге бағытталған мұндай оқыту курстары-

ның маңыздылығын атап өтті.

Еркін пікір алмасу форматында Қонаев қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев, ұйым мүшелері Қартбаба Момбеков, Жақан Ақаев, Мұрағбай Нағметов, Бақытбек Дәулетов, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Мира Колхозқызы көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, тәжірибелік кеңестер алды. Ұйым төрағасының орынбасары Ізтілеу Тойшыбайұлы жастар мен аға буын арасындағы сабақтастықтың маңызына тоқталып, технологиялық дамудың қоғам өміріндегі рөлі туралы ой бөлісті.

«Ауыл» партиясының бастамасымен өткізілген бұл семинар аға буынның цифрлық ортаға бейімделуіне, жаңа білім мен дағдыларды меңгеруіне мүмкіндік беріп, олардың қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған маңызды шаралардың бірі болды. Алматы облыстық филиалы алдағы уақытта да меморандум аясындағы бірлескен жобаларды жалғастырып, қоғамның әртүрлі топтарына арналған заманауи білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруды жоспарлауда.

Зарыққан ӘБЛҚАСЫМҰЛЫ, Қонаев қаласы.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН» ЖӘНЕ «АДАЛ АЗАМАТ» РЕФОРМАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДАҒЫ АРДАГЕРЛЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҚОСАТЫН ҮЛЕСІ

«ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР»

ЖОБА ЖОСПАРЫ: «Ардагерлер Ұйымы» РҚБ

ЖЕТІ БАСЫМ БАҒЫТ

1. Үлкенді құрметтеу – ұлттық дәстүр
2. «Кітаппен келешекке» (Мемлекет басшысының кітап оқу туралы бастамасы)
3. «Алтын Орда» – тарихи сана мен бабалар аманаты
4. Отбасы құндылықтарын дәріптеу және ажырасу мәселесі
5. Дәстүрлі дін және ұлттық бірегейлік (Жат ағымдарға жол жоқ)
6. Жастар тәрбиесі: адал адам, табиғатты сүю және жасампаз патриотизм
7. Зиянды әдеттермен күрес (құмар ойындар)

ҮЛКЕНДІ ҚҰРМЕТТЕУ – ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР

МАҚСАТЫ:

Үлкенді құрметтеу мен ибалық дәстүрін Жаңа Қазақстанның қоғамдық этикасының негізі ретінде қайта жаңғырту; ардагерлердің қоғамдағы бөделі мен өзіннің салмағын арттыру арқылы жастардың бойында үлкенді алдын кесіп өтпейтін, қарияны әулеттің берекесі мен батағайы деп танытын ұлттық тәрбиені қалыптастыру.

ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ:

«Әулет шежіресі» - Ардагердің басшылығымен немерелердің жеті ата мен отбасы тарихын зерттеп, картасын сызуы.  
«Аталы сөз» кешесі: Отбасындағы кез келген маңызды шешімді (оқу, сапар, кәсіп) ең алдымен ардагермен кеңесіп, батасын алу арқылы шешу.

(Жалғасы 2-бетте)



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

# Ұрпақтар сабақтастығы және ұлттық құндылықтар

## «КІТАППЕН КЕЛЕШЕККЕ» (МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ КІТАП ОҚУ ТУРАЛЫ БАСТАМАСЫ)

### МАҚСАТЫ:

Мемлекет басшысының «Оқуға құштар ұлт» бастамасын әр шаңырақта іс жүзінде асыру; ардагерлер мен жас буын арасында бірлесіп кітап оқу дәстүрін енгізу арқылы жастардың зияткерлік (интеллектуалдық) әлеуетін көтеру, сыни ойлау қабілетін дамыту және ұлттық құндылықтарды әдебиет арқылы сіңіру.



### ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ:

- «Алтын уақыт – кітаппен» отбасылық сағаты
- Ардагерлер өздерінің үйіндегі жеке кітапханасынан оқылып қойған құнды кітаптарды немерелері арқылы олардың достарына, сыныптастарына сыйға тартуды немесе уақытша оқуға беруді дәстүрге айналдырады. Жастар да өз кезегінде оқыған кітаптарын туысқандар арасында алмастырып отырады. Нәтиже: Ұрпақтар арасындағы рухани байланыс күшейіп, жастардың талғамы жоғары әдебиетке бұрылады.

## «АЛТЫН ОРДА» – ТАРИХИ САНА МЕН БАБАЛАР АМАНАТЫ

### МАҚСАТЫ:

Жастардың бойында Алтын Орда кезеңінен бастап алатын төл мемлекеттік сананы ояту; ардагерлердің тарихи білімі мен өмірлік даналығы арқылы бабалардың ұлы дала мәдениетін, бірлік пен тұтастық аманаттарын отбасылық тәрбие негізінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізу.



### ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ:

- Алтын Орда кезеңінде туған, елдің бірлігі мен ерлігін жырлайтын «Едіге жыры», «Ер Көкшеш» сияқты эпостар мен аңыздарды ата-әжеңіз өз аузынан немерелеріне айтып беріп, оның ішіндегі «елдік, бірлік, мемлекетшілдік» идеяларын түсіндіріңіз.
- Алтын Орданың мемлекеттік басқару заңы («Ұлы Жасақ» немесе дала заңдары) негізінде отбасында әділдік, үлкенге құрмет, сөзге тұру және сертке адалдық құндылықтарын дәріптеу.

## ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДӘРІПТЕУ ЖӘНЕ АЖЫРАСУ МӘСЕЛЕСІ

### МАҚСАТЫ:

Ардагерлердің өмірлік даналығы мен отбасылық тәжірибесін пайдалана отырып, жас шаңырақтар арасында отбасы құндылықтарын, төзімділік пен өзара сыйластықты дәріптеу; туыстар шеңберіндегі ұсақ түйек ұрыс-керістердің үлкен ажырасуға ұласуының алдын алу және шаңырақтың тұтастығын сақтау.



### ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ:

- Көпбалалы және алтын, күміс тойларын атап өткен енегелі ардагер отбасылардың қатысуымен «Енегелі отбасы – ел тірегі» атты кездесулер өткізу.
- Жас отбасыларға арналған отбасылық кеңес орталықтарында ардагерлердің тәжірибесін бөлісу.

## ДӘСТҮРЛІ ДІН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК (ЖАТ АҒЫМДАРҒА ЖОЛ ЖОҚ)

### МАҚСАТЫ:

Діни фанатизм мен жат ағымдардың алдын алу, қазақ халқының дәстүрлі ислам діні мен салт-дәстүрін қорғау.



### ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ:

- «Дәстүр мен Дін үндестігі» отбасылық сабақтары. Ардагер өз үйінде немерелеріне қазақтың әдет-ғұрыптарының (мыс: бата беру, үлкеннің алдын кеспеу, жетімді жылтау, үнемшілдік) Ислам дінінің негізгі құндылықтарымен (адамгершілік, имандылық, ысыраққа жол бермеу) қалай үндестігін аңғимелейді.
- «Текті тұлғалар өнегесі» Ардагер өз әулетінен шыққан немесе ұлт тарихындағы имандылық пен елдікті тең ұстаған тұлғалардың (мысалы: Қожа Ахмет Ясауи, Арыстан баб, Абылай хан, Алаш арыстары) өмірін немерелеріне үлгі етеді. Олардың ел бірлігі үшін жасаған еңбектерін айтады.

## ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ: АДАЛ АДАМ, ТАБИҒАТТЫ СҮЮ ЖӘНЕ ЖАСАМПАЗ ПАТРИОТИЗМ

### МАҚСАТЫ:

Ардагерлердің өмірлік және кәсіби тәжірибесін пайдалана отырып, ескең ұрпақтың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру және «жасампаз патриотизм» құндылықтарын сіңіру; жастарды Жаңа Қазақстанның реформаларын қолдауға және ел игілігі үшін нақты, жасампаз істермен айналысуға ынталандыру.



### ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ:

- «Мемлекеттің жаңаруы – әр үйдің, әр отбасының жаңаруынан басталады. Жасампаз патриотизм дегеніміз – үлкен ұрандар емес, өз шаңырағыңдағы үнемшілдік, тазалық және жақыныңа деген қамқорлық».
- Ардагерлердің басты күші-олардың сыртқы белсенділігінде емес, отбасындағы тәрбиешілік, ақылшылық ролінде. Жаңа қазақстандық сипаттар (ысырапшылыққа жол бермеу, табиғатты аялау, еңбекқорлық) балаға ата-әжеңіздің өнегесімен дариды»

## ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРМЕН КҮРЕС (ҚҰМАР ОЙЫНДАР)

### МАҚСАТЫ:

Ардагерлердің отбасындағы беделі мен өмірлік тәжірибесін пайдалана отырып, туыстар мен жақындар арасында құмар ойындардың (пудоманияның) зиянын алдын алу; отбасылық құндылықтар мен адал еңбек мәдениетін күшейтеу арқылы жастардың бойында жеңіл олжаға қызықпау иммунитетін қалыптастыру.



### ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ:

- «Адал табын» отбасылық сағаты. Демалыс күні отбасылық түскі аста ардагердің өз еңбек жолы, маңдай тердің берекесі туралы өнегелі аңғимесі. Жастардың санасына «құмардан байлаған ешкім жоқ» деген түсінікті ұялату.
- «Сейінді ақсақал» көмегі: Тұйықталған немесе қарызға батқан жастарды ата-анасынан қорыққанда ардагердің (ата не әжеңіз) оңаша шақырып, ұрыспай тыңдауы. Мәселені әулет ішінде ақылмен, үлкен қателіктерге (қылмысқа) жеткізбей дер кезінде шешу.

## ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ

# БІРЛЕСКЕН ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСПАҚ

Шелек политехникалық колледжінде «Отан қорғау. Отанға қызмет ету-басты міндет» деген тақырыпта студенттермен кең ауқымды кездесу болды.

Оған «Ер намыс» қорының президенті, академик, профессор, желтоқсаншы, көптеген марапаттардың иегері, ардагер Ерболат Алидин, Қонаев қорының вице президенті, «Еңбек Даңқы» орденінің иегері, ішкі істер органының запастағы полковнигі, Балқаш ауданының Құрметті ардагері Дәулет-

бақ Жанботаев, «Мұқағали» журналының бас редакторы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Алматы қаласы Наурызбай аудандық Ауған соғысы ардагерлерінің төрағасы Дүйсен Мағұмов, ардагер ұстаз, Ауған соғысының ардагері Әсет Алжанбай қатынасып, Отан қорғау, патриотизм, достық пен ынтымақты күшейту, қай салада болмасын адал қызмет жасау, тағы басқа тақырыптарда келелі әңгіме айтып, студенттер мен ұстаздардың қойған сұрақтарына тереңнен ой қозғап жауап



берді. Кездесу барысында сазгерлік өнері бар Д.Жанботаев өзі Желтоқсан оқиғасы кезінде «Көтер қазақ, басынды» деген тақырыппен шығарған әнін тамылжыта, нақышына келтіре орындап берді. Жиын соңынан колледж директоры Қуат Құрманалин сөз сөйлеп, келген қонақтарға тәрбиелік маңызы жоғары, көңілге қонымды патриотизм тақырыбында студенттерге айтқан келелі әңгімелері үшін ризашылығын білдіріп, қонақ кеде жасады. Аса қадірлі қонақтардың үстіне ата салтымыз бой-

ынша шапан жауып, құрмет көрсетті. Сол сияқты жастар арасында ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттап, белсенді тәрбие жұмысын жүргізіп жатқан келген қонақ ардагерлер Еңбекшіқазақ ауданы әкімі мен аудандық мәслихатының, аудандық ардагерлер ұйымының атынан Алғыс хаттармен марапатталды. Жиналысқа келген қонақтар да қарап қалмай колледждің бір топ ұстаздарын және колледж директорын Қонаев қоры мен қоғамдық бірлестіктердің ескерткіш медальдарымен марапаттады. Колледж дирекциясы мен қоғамдық қор, бірлестік және ардагер ұйымы келесі оқу жылынан бастап студенттермен Президентіміздің тәрбие-оқу саласында қойған міндеттерін жүзеге асыру мақсатында бірлескен жобаларды іске асыру жайлы келісті. Тәрбие саласындағы осындай нақты жұмыстар өз нәтижесін берері айқын.

**Ә. АЙТАҚЫНОВ,**  
Шелек ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы.



## ӘСКЕРИЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

# Жастар шекараға болып қайтты

Таяуда Қарасай ауданы ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен «Жастар тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы» атты іс-шара өтті.

Жастарды әскери өмірмен іс жүзінде кеңінен таныстыру мақсатында Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының бөлімшесіне экскурсияға келіп, шекарашылардың әскери қызметтері мен ондағы міндеттерін және жеке бастарының әскери өмірлерімен танысып қайтты. Шара барысында жастарға шекарашылардың демалыс бөлмелері, тамақ ішетін асханалары, жағтығу алаңдары, автокөліктері, шекара қызметіне үйретілген итері көрсетілді. Сондай-ақ жастар қару-жарақ түрлерімен танысты.

Бұл кездесуге Қарасай ауданы қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің басшысы майор Ерлан Әбдіхалықов, шекарашылар бөлімі басшысының орынбасары аға лейтенант Дәулет Саметов, ауған соғысының ардагері, полковник Малик Қалиев және ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Серік Расмұханбетов қатысты. Кездесу кезінде жастарға ауданымыздың қорғаныс істер жөніндегі бөлімінің басшысы Ерлан Тілеуғалиұлы, аудандық ардагерлер ұйымының басшысы Сағат Ұлтрақұлы және ауған соғысы ардагері Малик Қалиев өздерінің өмірдегі тәжірибелерімен бөлісе отырып, жастарды білімге, табандылыққа, намысқойлыққа, шығармашылық жағынан дамыған, білімді азамат болуға және Отанының нағыз азаматы болуға шақырды.

Кездесу соңында жастар бүгінгі кездесудегі алған әсерлерін, өздерінің болашақтағы ойларын, әскери өмірдің қызығы мен қиыншылығы болатыны жайлы өз ойларын ортаға салды және кейбіреулері шекарашы болуға ынта білдіріп жатты. Бұл кездесу өте жоғары дәрежеде, жастарды патриотизм үлгісінде тәрбиелеу бағытында өтті деуге болады.

Өз тілшімізден.



● АРДАГЕР ТУРАЛЫ АЗДАҒАН СЫР

# ҚОҒАМ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТКЕН ҒҰМЫР


Адам өмірінің қадірі атқарған еңбегімен өлшенеді. Елдің тыныштығы мен қоғамдық тәртіпті сақтау жолында адал қызмет ету-үлкен жауапкершілік пен қайсарлықты талап ететін мамандық. Осындай абыройлы міндетті ұзақ жылдар бойы адал атқарып, саналы ғұмырын құқық қорғау саласына арнаған еңбек ардагерлері-кейінгі буын үшін әрдайым өнеге.

Әңгімеміздің өзегінде сөз еткелі отырған адамымыз замандастары оны Армия деп атап кеткен, алайда азан шақырып қойған атымен атасқанды, Бақытбек Тәкебаев сондай өнегелі жандардың бірі екені анық. Кейіпкеріміз-қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында бар ғұмырын арнап, талай қиындықты еңсерген, қызметтік антына адал болған полиция ардагері.

Бүгінгі әңгімеміз сексеннің сегізіншісінен әрі аттаған осы ардагер туралы болмақ.

Бақытбек қария сонау 1945 жылдың 3-ші наурызында Хантәңірінің етегіндегі Нарынқол ауылында жарық дүниесі ашқан екен. Қазақтың бір жақсы қасиеті- баланы өз әке-шешелеріне беретіні. Әкесінің әкесі немересін бала етіп бағып алса керек. Соғыстан аман оралған сол әкесі болған атасы нәрестені ел қорғайтын жауынгер болсын деп, атын Армия қойыпты. Бірақ баласының азамат болғанын көру бұйырмай, Армиясы төртке келгенде қайтыс болса керек. Ол кісі қайтқан соң ауылдық кеңесте істеген әкесінің қарындасы «ағам өзі ел қорғаған жауынгер болды, сол жетеді, бұл нәресте енді бақытты болуға лайық, аты Бақытбек болсын деп, атын өзгертіп, басқа құжат алыпты. Бақытбек қария құжаттағы аты Бақытбек болса да, көпшілік ортада Армия болып қала беріпті. «Ауылда мені Бақытбек десең ешкім танымайды, Армия десең елдің бәрі танытандарын алға тартып, шу ете қалады. Үлкен кісінің қойған аты ғой, өзгерте алмадым» деп, бала күнін сағынышпен еске түсіріп, күліп қояды.

Ауылдың қарасирақ балаларымен ілесіп, Нарынқолдағы Абай атындағы қазақ-орыс мектебінің табалдырығын аттап, сол мектептің қазақ класын бітіргені анық. Мектеп бітірген жылдың желтоқсан айында әскерге шақырылыпты. Әскери өмірі Ленинградта, әскери құрылыс отрядында өтіпті. Коммунистік партия қатарына сол жерде өткен екен.



Әскери борышын атқарып, 1968 жылдың желтоқсанында елге оралған еді. Әскерден келгені бар, коммунист екені тағы бар азамат бір күні аудандық ішкі істер бөліміне шақырылып, жұмысқа қабылданып, 1969 жылдың бірінші сәуірінен бастап Нарынқол аудандық ішкі істер бөлімінің сержанты болып шыға келді.

Ішкі істер бөлімінде еңбек ету үшін соған сай білім керек екені бесенеден белгілі. Бірекі жылдан соң жоғары милиция мектебіне жолдама алып, ұзамай сол білім ордасының курсанты атанғаны тағы бар. Ішкі істер органына апарған осы тағдыр жолы Бақытбек ағамызды зейнет жасына дейін жеткізген көрінеді. Бар ғұмыр жолы осы салада, бір жерде ғана өтіпті.

Бұл сержанттық лауазымнан майорлық

шеңге дейінгі жүріп өткен жолдағы бір адамның ғұмырына тағитын уақыт еді. Қоғам тыныштығын сақтауда мазасыз, ұйқысыз өткен түндер мен аласапыран күндер легі өтіп жатты. Сол күндермен тіршілік кешкен кейіпкеріміз маман ретінде тәжірибе жинақтаған, толыса түскен еді.

Еңбек жолын ол кездегі милиция сержанты деген қарапайым қызметтен бастап, өз ісіне деген жауапкершілігі мен кәсіби біліктілігінің арқасында әріптестерінің құрметіне бөленді. Қызмет еткен жылдары заңдылық пен тәртіпті сақтауға, құқық бұзушылықтың алдын алуға, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосты. Қандай жағдайда болмасын әділдік пен адамгершілік қағидаларын берік ұстанып, халықтың, басшыларының сеніміне ие болды.

Еңбек жолында көптеген жас мамандарға тәлімгерлік жасап, мол тәжірибесін үйретті. Оның өмірлік ұстаным-кредосы «елге адал қызмет ету-ен үлкен мәртебе» болды. Сондықтан да әріптестері мен замандастары оны сыйлап, жастар үлгі тұтты.

Еткен еңбектің еленіп, төккен маңдай тердің төлемі болғаны жақсы. Оның еңбегін ескергендер де болғаны анық. Алматы облыстық Ішкі істер Басқармасынан алған Құрмет грамотасы бар. «Ішкі істер министрлігінің Құрметті ардагері» төсбелгісі омырауында жарқырайды. Одан да бөлек алған төсбелгілер мен Алғыс хаттары, Құрмет грамоталары жетерлік. Негізгі кәсіби жұмысынан бөлек қоғамдық жұмыстарға да араласып, Жамбыл, Нарынқол, Сарыбастау селолық Кеңестерінің депутаты болып, халық аманатын көтеріп, олардың әлеуметтік мәселелерін шешкіне тағы бар. Нарынқол аудандық ішкі істер бөлімі партия ұйымына үш рет хатшы болып, әріптестеріне саяси жолды нұсқаған жылдары бір төбе.

Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қоғамдық жұмыстардан қол үзбей, араласты. Жастармен кездесулер өткізіп, заңға құрметпен қараудың, елге қызмет етудің маңызын насихаттаған жылдары бір бөлек.

Ер азаматтың өсуі де, өшуі де кейде әйел затына көп байланысты. Үйдегі жан жолдасы Нұрғұл оның ыстығына күйіп, суығына тоңа-

тын адам екенін айнытпай танытқандай. Үйдегі жолдасын күйеуім ғана емес, азаматым, пірім деп санайтыны байқалады. Үй иесінің өзі де осы кісіге жолыққан тағдыр жолына риза екенін сөз арасында айтып қалды.

Алты қыз, бір ұлдың әкесі атанған. Балаларынан тараған он екі немеренің атасы болып отырған жайы бар.

Адал еңбекпен өткен ғұмыр әрдайым құрметке лайық. Осындай азаматтардың өмір жолы кейінгі ұрпаққа өнеге болып қала берері рас. Бақытбек қарияның өзі «өмірімнің ең бақытты жылдары партия қатарына өткен жылым және ауыр да, азапты қызмет болса да ел тыныштығын күзетуге арналған жылдарым болды» деп ағынан жарылады. Бұл сөздерді өз мамандығына адал болған азаматтың сөзі деп қабылдадық.

Өмір-артқа бұрылып қарағанда бағаланатын ұзақ жол. Сол жолдың әр белесінде елдің тыныштығын күзетіп, заңның үстемдігін сақтауға өлшеусіз үлес қосқан азаматтың еңбегі ешқашан ұмытылмайды. Нарынқол аудандық ішкі істер бөлімінің тергеу саласында ұзақ жыл адал қызмет атқарған ардагердің ғұмыры-жауапкершілік пен әділдіктің, адалдық пен азаматтықтың айқын көрінісі.

Бүгінде сексеннің сегізіншісінен асқан қария өткен өміріне өкінішпен емес, ел игілігі үшін атқарған адал еңбегіне ризашылықпен қарайды. Оның қызметтік жолы-кейінгі ұрпаққа үлгі, жас полицейлерге тағылым. Адамның өмір жасы емес, ел есінде қалдырған ізі маңызды десек, бұл ардагердің ғибратты ғұмыры-халық жадында сақталатын өнегелі өмірлердің бірі.

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дейді дана халқымыз. Ендеше, қоғамдық тәртіп пен ел тыныштығы жолында тер төккен ардагердің еңбегі де ел жадында мәңгі сақталары анық. Сексеннің асуына абыроймен көтерілген қадірлі ақсақалға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасының амандығы мен берекесін беріп, ұрпағының қызығын көре беруін тіледік. Ғибратқа толы ғұмырының шуағы әлі талай жанға жол көрсетіп, өнеге бола берсін.

**СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.**  
Талғар ауданы.

● ЖАҚСЫ АДАМ ЖҮР ЖАНЫҢДА

# ҰЛАҒАТТЫ ЖОЛЫ БАР ҰСТАЗ

12 маусым 2026 жылы Сүмбе орта мектебінде мектеп директоры Абдилова Бибігүл Байжұмақызының басшылығымен аудандағы ардагер ұстаз «Математика – ғылымдар патшасы» деп текке айтылмаған осы математика пәнінің майталманы «ҚР Білім беру ісінің үздігі» Ыбышева Майрамқан Әжібекқызының мерей жасына арналған «Ұстаздық – ұлы есім, ұлағатты жол» атты кеш аталып өтті.

Кешке аудан әкімі Бота Серікқызы, Алматы облысының «Құрметті азаматы» Ызғарбек Бектұрсынов, Ұйғыр ауданының «Құрметті азаматы» Мерейімов Мәлік Төлегенұлы, сол сияқты ауданға еңбегі сіңген ардагер ұстаздар мен қатар жан-жақтан келген Майрамқан апайдың түрлі салаларда еңбек етіп жүрген алдыңғы қатарлы шәкірттері қатысып, әркім өз ақ тілектерімен қатар ыстық лебіздерін білдіріп, Майрамқан Әжібекқызын мерей жасымен және кабинетінің ашылуымен құттықтап, сый – сипаттарын жасады.

Мектептегі математика кабинеті Майрамқан Әжібекқызы атындағы кабинет ретінде тағайындалып, тұсау кесері жасалды.

Майрамқан Әжібекқызының аудандағы мықты математик екендігі айтылып, ол кісінің аудан, облыс, республика көлемінде таратылған еңбектері аталып, соның айғағы ретінде шәкірттері де өздерінің математиканы апайларынан үйреніп, жалғастырып келе жатқандығын айтты.

Ыбышева Майрамқан Әжібекқызы 1956 жылы 11 маусымда Қырғызстанда Күрметі ауылында дүниеге келген. Себебі атасы Ыбыш 1931-1937 жылдарда қуғынға ұшырап, балаларын алып, Қырғыз еліне өтіп кетіпті. 2-3 жасында өз елімізге оралып Алматы облысының Кеген ауданы Құрметі ауылына көшіп келген. Майрамқан 1962 жылы сол ауылдағы мектепке қабылданып Саты ауылында 1-сыныпты аяқтап, 1972 жылы мектепті бітіріп, КАЗПИ-дің математика факультетіне оқуға түсіп, 1976 жылы «математика пәнінің мұғалімі» мамандығын алып шыққан. Әжесі Мәдидің тәрбиесін көрген. Әкесі

Әжібек пен анасы Мұсабекқызы Мұқтар да Мейрамқанды еңбекке, адалдықа жастайынан баулыған. 1975 жылы курстас Ұйғыр ауданының тумасы Керімқұлов Жанетпен отбасын құрып, бүгінде 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп, одан 13 немере, 7 жиен, 1 шөбере көрген ұялы бәйтерек. Барлығы жоғары білімді, әр салада қызмет етеді, негізі ұстаздар әулеті бәрі де (математиктер)

1976 жылдан еңбек жолын Саты ауылындағы орта мектептен бастап, 1977-1978 оқу жылында Ұйғыр ауданындағы Қырғызсай, 1986-2005 жылдарда Шонжы ауылындағы №2 орта мектепте, 2005-жылдан осы уақытқа дейін Сүмбе орта мектебінде жұмыс атқарып, ұстаздық жолында мындаған шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие берген. Жалпы мектеп қабырғасында да, жоғарғы оқу орынында да ақыл-кеңесімен, білімімен, тәрбиелік үлгісімен өз деңгейінде білім алуына бірден – бір үлес қосқан мұғалімдер баршылық, соның ішінде Сабақ, Оқушы, Мектеп, Мұғалім деп аталатын Ұлы ұғымдардың алғашқы қадамына бірге қадам басқан мұғалімі Қаңлыбаев Құрманәлі болған. Кезінде дұрыс мән бермесе де, ұстаздық жолда еңбек ете жүріп сол ағайлардың қадіріне жетіп, ұғынады. Еңбек жолында да көп көмек беріп, ақылын айтып, жетістігіне қуанып, өзінің жұмыстарын айтып ерінбей еңбек етуге шақырып отырған. Жалпы білім беру жүйесінің басты кредосы – өзгеріс, жанару, даму, өркендеу. 1991-1995 жылдар арасында мектепте математикадан тереңдетілген сынып ашып, оқушылары жақсы нәтижемен бітіреді, барлығы дерлік жоғарғы оқу орнын бітіріп,



еліміздің дамуына өз үлестерін қосуда. Мұғалім өмір бойы оқуы, дамуы керек, жанашыл, озық іс-тәжірибелерді өз жұмысына пайдаланумен бірге өз іс – тәжірибелерін аудан, облыс, республика көлемінде әр түрлі жарыстарға, ғылыми жұмыстар мен конференцияларға, семинарларға қатысып, жұмыстарын республикалық, облыстық әдістемелік журналдарға,

кітаптарға жариялап, ізденістерінің арқасында көптеген жетістіктерге жеткен. Сол жұмыстардың нәтижесінде 2004 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім Академиясының шешімімен «Ауыл мектептерінде математиканы тереңдетіп оқытудың ерекшеліктері» тақырыбында диссертациялық зерттеу жұмысы бекітілген.

«Еңбегіне қарай зейнеті» демекші 1991 жылы Қазақ ССР халыққа білім беру министрлігінің «Құрмет грамотасымен», 1996 жылы «ҚР БІЛІМ БЕРУ ІСІНІҢ ҮЗДІГІ» төс белгісімен, 1998 жылы «Мұғалім-98» облыстық мұғалімдер жарысында «Құрмет грамотасымен», 2000 жылы аудандық, облыстық, республикалық педагогикалық оқудан «Дарынды оқушыларды оқытудағы іс-тәжіри-

шығармашылық идеялар зерттеу конкурсында Алматы облыстық Білім басқармасының «Құрмет грамотасы», 2005 жылы ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің «АЛҒЫС ХАТЫ», 2021 жылы ҚР Педагогтар қоғамының Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Ұстаз» ордені, 2021 жылы «Достық» Ұйғыр этно-мәдениет орталығы» қоғамдық бірлестігінің «Білім саласына қосқан үлесі үшін» медалі, 2022 жылы ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі, 2022 жылы ҚР «Білім өркеніеті» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының қоғамға қосқан айрықша үлесі үшін «Қазақстан Республикасының құрметті азаматы» төс белгісі, 2025 жылы ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі сияқты марапаттар Мейрамқан Әжібекқызының абыройына абырой қосты. Сонымен бірге әдістемелік оқулықтар «Сандар теориясының дамуы» 2001 ж., «Орта мектепте математиканы тереңдетіп оқыту жолдары» 2004 ж. шығарып, 20-ға жуық баспа материалдары (республикалық, облыстық) журналдарға, әдістемелік оқулықтарға жарияланған.

Әдістемелік оқулықтарда факультативтік сабақтарға, үйірме жұмыстарына, ғылыми жұмыстарға қажетті материалдар және әр түрлі тәсілдермен шығарылған есептер, сандарға байланысты логикалық есептер жинақталған. Мұғалімдерге, оқушыларға да қолдануға пайдасы тиеді деп ойлайды.

Адам тәрбиелеу, білім беру бір күндік, бір жылдық іс емес, ол адамзат қоғамымен бірге қалыптасып, бірге дамиды. Уақыт алға жылжыған сайын білім беру процесін жетілдірудің жолдары мен әдістері үнемі өзгеріп, жанарып отырады. «Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп дана Абай ағамыз айтқандай жақсы ұстаз болайық,- дейді Майрамқан Әжібекқызы.

**С.БАЙСЕРКЕЕВА,**  
Ұйғыр ауданы аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы

ЖИРЕН-ЖАМАН ӘДЕТТЕН!

# Ішімдіксіз ауыл – игілікті бастама

Ағымдағы аптада, аудандағы ІМ жергілікті атқарушы органдары мен аудандық бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері 15-19 маусым аралығындағы республикалық «Ішімдіксіз ауыл» профилактикалық іс-шаралар аясында, спирттік ішімдіктерді сату мен қолданудан бас тартқан Жаңа Текес және Көкбел ауылдық округтеріне арнайы ат басын бұрып, «ішімдіксіз ауылдардың» ахуалымен танысып қайтты. Ескере кететін бір жайт, 15-19 маусым аралығында Республика көлемінде



## «ішімдіксіз ауыл» профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Спирттік ішімдіктерді тұтыну адам ағзасына орасан зор кесел тудырумен қатар, оның қоғамдағы беделіне нұқсан келтіріп, тіптен, өзге адамдарға зиян тигізуіне ықпал етеді. Қоғамда сан түрлі қылмыстардың басым бөлігі – алкогольдік ішімдіктердің салдары. Спирттік ішімдікті тұтынған адам өз-өзіне деген бақылауды жоғалтып, қоғам үшін қауіпті тұлға айналады.

Пайдасы жоқ, зияны көп ащы судан бас тартып, салауатты өмір салтын негізге алған Жаңа Текес ауылында тек оң өзгерістер орын алуда. Жастар уақыттарын тиімді пайдаланып, мейлінше жаман әдеттен аулақ. Ауыл тұрғыны Барқытова Күләш апайымыздың сөзіне қарағанда, той-томалақ, жиындардың барлығы дерлік алкогольді ішімдіксіз өтеді. Сондай-ақ, ауыл тұрғыны Мұхамеден Бауыржан жастардың спорттық жетістіктерін тілге тиек етіп, ауыл тұрғындарының басым бөлігі салауатты өмір салтын ұстануға дағдыланып келе жатқанын сөз етті. Райымбек аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы Санат Демеуовтің айтуынша, Жаңа Текес ауылында соңғы жылдары ешқандай қылмыс тіркелмеген.

Ішімдіктен бас тартқан келесі ауыл – Көкбел ауылы. Шағын елді мекен тұрғындары да өз кезегінде спирттік ішімдіктерді дүкен сөрелерінен түбегейлі алып тастаған. Зиянды сусынның кесепатын жақсы түсінген тұрғындар одан саналы түрде бас тартқан көрінеді.

Ауыл тұрғыны Қасымбаев Қуаныш мырзаның айтуынша, ішімдіксіз ауылға айналуының негізгі себебі – ауыл тұрғындарының бірлігі мен ынтымағы. Оның пікірінше, ауылдағы татулық пен өзара түсіністік тұрғындардың дұрыс таңдау жасап, салауатты өмір салтын ұстануына оң ықпал еткен.

Өз тілшімізден.

СПОРТ

# МУДРОСТЬ НА ШАХМАТНОЙ ДОСКЕ

В этот же день в районном Доме культуры имени Нургисы Тлендиева, параллельно идущему на сцене концерту художественной самодеятельности, в фойе проходил шахматный турнир. Его организатор областной совет ветеранов. Он был приурочен к 81-й годовщине Победы в Великой Отечественной войне, а также в целях популяризации шахмат среди пенсионеров. В каждом районе прошли предварительные отборочные турниры. Соревнования посетил аким Илийского района Кайыржан Жақсымбетов.

Примечательно, что в заявке на игру был самый возрастной на сегодня шахматист Алматинской области Сергей Антонович Сусол из Енбекшиказахского района. Ему полных 92 года! Представляете!? Игра прошла по круговой системе «Рапид» (быстрые шахматы, по 10 минут на партию). Судья напомнил участникам незыблемое правило в шахматах: «Взял фигуру – ходи!»

Места распределились следующим образом.  
1 место (и приз в 30000 тенге) – Алиев Нурадил, Талгарский район;  
2 место (20.000 тенге) – Тойшыбаев Изтилеу, город Конаев;  
3 место (10.000 тенге) – Ешжанов Нурмаханбет, Илийский район;  
3 место (10.000 тенге) – Сусол Сергей Антонович, Енбекшиказахский район.

Благодарственными письмами награждены:  
- Нурышева Мариямкуль Шалгинбаевна – Қарасайский район;  
- Худайбердиев Ханжақун Сайпутолаевич – Уйгурский район;  
- Харасай Оркен – Жамбылский район.

Заместитель председателя Алматинского областного филиала РОО «Организация ветеранов» Ильяс Сугуров поздравил всех участников турнира с достигнутыми результатами, пожелав активного долголетия и новых побед в шахматных баталиях.

К слову, еще раз о возрасте. Нурадил ага в свои 82 года продемонстрировал очень хорошую игру. Изтилеу ага (75 лет) немногим уступил победителю в мастерстве. Ну а 92-летней Сергей Антонович, конечно же, заслуживает особого уважения! И если бы его не роковая ошибка с королем, он бы однозначно показал результат выше.



Свое мнение о мероприятии высказал председатель совета ветеранов села КазЦИК (ныне Аскара Токпанова), почетный гражданин Илийского района, обладатель «Почетного Знака» Республиканского общественного объединения ветеранов Мэлс Жамилов:

«Я считаю, что турнир прошел на высоком организационном уровне, при объективном судействе. Мы, конечно же, болели за Нурмаханбета Ешжанова, (ему 78 лет). Он житель нашего села, выиграв отборочный турнир, защищал честь Илийского района и по итогу занял третье место. Хотелось бы, разумеется, выше, но опыт, как говорится, дело наживное. Да и соперники собрались неслабые, так что есть над чем работать, к чему стремиться. К слову, благодарю Совету ветеранов района и поддержке районного акимата, мы активизируем развитие шахматного спорта среди ветеранов района. Нам выделили место в новом районном Доме культуры, определили время. Так что все у нас впереди!»

Рамазан ЕЛЕШЕВ,  
с. Отеген батыр.

УВЛЕЧЕНИЯ

На днях в Алматы прошёл шахматный турнир среди воспитанников детских домов южной столицы и Алматинской области. С открытием турнира участников поздравили; исполнительный директор РОО «Казахстанская Федерация шахмат Серікгуль Нурғалимова (организатор мероприятия) и управляющий директор Фридом Банк Алматы Акбар Киргизбаев (спонсор турнира).



# ВОСПИТАННИКИ ДЕТСКИХ ДОМОВ сразились за шахматной доской



Город Конаев представляла команда КГУ «Областной центр поддержки детей, нуждающихся в специальных социальных услугах», в просторечии - детский дом.

Как сообщил нам тренер Карлыгаш Сейтов, самое большое представительство было у областного центра - 45 мальчиков и девочек. Юные конаевцы показали неплохие результаты. Например,

среди девочек первое место заняла Бактыбай Жансулу. Второе место также у нас – Абдрайым Сабина. В число призёров турнира вошли и мальчики. Третье место и бронзовую медаль получил Коршев Виталий.

В номинации «Лучшие игроки» судьи отметили мальчиков в возрастных категориях 10, 12, 14 и 16 лет: Орынбасаров Ислам, Омарбеков Ерасыл, Бактыбай Алинур, Якупов Ислам.

Все победители и призёры получили грамоты и памятные подарки. К слову, подарки были солидными – сотовые телефоны.

Поздравить своих подопечных лично приехала директор ЦПД города Конаев Айгуль Жаркынбекова. Она также выразила благодарность тренеру К. Сейтову: «Огромное спасибо, Карлыгаш ага, за то, что раскрыли потенциал наших ребят и блестяще подготовили их к турниру!»

Рамазан ЕЛЕШЕВ,  
г.Конаев

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

## РАДИОФОБИЯ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Қазіргі заманда ғылым мен технология қарқынды дамып келеді. Соның ішінде радиацияның медицинада, өнеркәсіпте және энергетикада кеңінен қолданылуы қоғам назарын аударуда. Алайда радиация туралы толық әрі дұрыс ақпараттың болмауы кейбір адамдарда негізсіз қорқыныштың пайда болуына себеп болады. Бұл құбылыс радиофобия деп аталады.

Радиофобия – радиациядан немесе радиоактивті сәулеленуден шамадан тыс қорқу. Мұндай қорқыныш көбінесе радиацияның адам денсаулығына тигізетін зияны туралы ақпаратты дұрыс түсінбеуден немесе түрлі қауіптердің әсерінен туындайды. Әсіресе ядролық апаттардан кейін халық арасында радиацияға деген үрей күшейе түседі.

Радиацияның белгілі бір мөлшері табиғатта үнемі кездеседі. Күн сәулесі, жер қойнауындағы минералдар және ғарыштық сәулелер адамның күнделікті өмірінде кездесетін табиғи радиация көздері болып табылады. Ғалымдардың айтуынша, аз мөлшердегі табиғи радиация адам өмірін қалыптастыруға қажетті саналады.

Радиофобияның негізгі белгілеріне мазасыздық, үрей, радиация туралы ақпараттан қашу, медициналық тексерулерден бас тарту және денсаулыққа қатысты шамадан тыс алаңдаушылық жатады. Кей жағдайларда бұл қорқыныш адамның күнделікті өміріне кері әсерін тигізіп, психологиялық қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Мамандар радиофобиямен күресудің ең тиімді жолы – халықтың радиация туралы ғылыми сауатын арттыру деп есептейді. Сенімді ақпарат көздеріне сүйену, мамандардың пікірін тыңдау және ғылыми деректерді зерделеу адамдардың негізсіз қорқынышын азайтуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, радиофобия – ақпараттың жетіспеушілігінен немесе қате түсініктерден туындайтын психологиялық құбылыс. Сондықтан радиация туралы дұрыс білім алу және ғылыми деректерге сүйену қоғамдағы қорқыныш пен үрейді төмендетудің маңызды шарты болып табылады.

## ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕ ҚАНДАЙ СУСЫНДАРДЫ ТҰТЫНҒАН ДҰРЫС?

Жаз айларында ауа температурасының жоғарылауына байланысты ағза сұйықтықты көп жоғалтады. Сондықтан су теңгерімін сақтау денсаулық үшін өте маңызды. Дұрыс таңдалған сусындар шөлді қандырып қана қоймай, ағзаның қалыпты жұмысын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Жаз мезгілінде ең пайдалы сусын – таза ауыз су. Су ағзаның сусыздануының алдын алып, зат алмасу процесін қалыптастыруға ықпал етеді. Ересек адамға тәулігіне орта есеппен 1,5–2 литр су ішу ұсынылады.

Сондай-ақ келесі сусындарды тұтынуға болады:

- қантсыз көк немесе қара шай;
- табиғи жеміс-жидек компоттары;
- морс және үй жағдайында дайындалған сусындар;
- айран, қатық, шұбат, қымыз сияқты қышқыл сүт өнімдері;
- лимон немесе жалбыз қосылған ауыз су.



Ал құрамында қант мөлшері жоғары газдалған сусындарды, энергетикалық сусындарды және өте тәтті шыршындарды шамадан тыс тұтынудан бас тартқан жөн. Мұндай сусындар шөлді толық баспайды және ағзаға қосымша жүктеме түсіруі мүмкін. Жаздың аптап ыстығында сусындарды өте салқын күйде емес, бөлме температурасына жақын жағдайда ішу ұсынылады. Бұл тамақ ауруларының алдын алуға және асқазан – ішек жолдарының қызметін бұзбауға көмектеседі.

Жазда сусындарды сақтау шарттарына ерекше назар аудару қажет. Сусындарды күн көзінің астында ұзақ уақыт қалдырмау және жарамдылық мерзімін бақылау маңызды.

Су теңгерімін сақтау және пайдалы сусындарды таңдау жазғы ыстық кезеңде денсаулықты қорғауға және өзіңізді сергек сезінуге көмектеседі.

Жазда шөлдізді тәтті сусындармен емес, таза ауыз сумен қандырыңыз!

Н. МЕДЕТОВ,  
«Конаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

АЛАТАУ Ардагері  
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады  
ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі  
Алматы облыстық филиалы  
Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова  
Тел.: 8 777 251 9310  
ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сықымбек  
Тел.: 8 705 965 3661  
Рамазан Елешев  
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.  
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады.  
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.  
Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.  
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.  
«Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санның таралымы – 8500  
Тапсырыс №1394  
Индексі – 65472.